

**"Сатып алу және тауар интервенцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесін, сондай-ақ оларға сыйақы мөлшерін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы № 1279 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 16 сәуірдегі № 199 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 597 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 597 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сатып алу және тауар интервенцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесін, сондай-ақ оларға сыйақы мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы № 1279 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 74, 1074-күжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген сатып алу және тауар интервенцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 17-жолмен толықтырылсын:

"17. "Shymkent" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*